

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шаруашылық серіктестіктердегі акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқаруды реттеу жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 16 мамырдағы N 607 қаулысын іс жүзіне асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 23 шілдедегі N 512 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 28 қарашада N 227 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 ақпандағы N 246 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдарда мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдау бағдарламасын орындау үшін ("Қайта құрылымдау және мемлекеттің меншік иелену қызметін жүзеге асыруы", 2-тарау, 1-тараушаның 1-тармағы), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шаруашылық серіктестіктердегі акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқаруды реттеу жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 16 мамырдағы N 607 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

1. Мына құрамда Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерде байқау кеңестерін құру және олардың қызметін бақылау жөнінде комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын:

С.С.Қалмырзаев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, Комиссия төрағасы;

Е.С.Никитинская - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Төрағасының орынбасары, Комиссия төрағасының орынбасары;

О.А.Әбдікамалов - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Аумақтық даму бөлімі меңгерушісінің орынбасары;

Ж.О.Дүйсенбеков - Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй құрылысы және аумақта құрылыс салу министрінің бірінші орынбасары;

М.К.Кетебаев - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары;

О.Г.Кинасов - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары;

С.Г.Майдыров - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының

Экономикалық саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары;
Б.И.Менжулин - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары;
Б.Н.Москаленко - Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрінің бірінші орынбасары;
Ғ.И.Оразбақов - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің орынбасары;
А.Д.Рябцев - Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі комитет төрағасының бірінші орынбасары;
С.Н.Сансызбаев - Қазақстан Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі басқармасы төрағасының орынбасары;
Т.С.Сарабекова - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары;
Б.Ш.Таджияков - Қазақстан Республикасы Ұлттық банк төрағасының бірінші орынбасары;
С.А.Тиесов - Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары;
Г.Н.Шалғынбаева - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссияның мүшесі;
Ж.Ж.Дайыров - Қазақстан Республикасы Меммүлкікомитетінің Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктер және акционерлік қоғамдар бас басқармасы бастығының орынбасары;
М.А.Қайназарова - Қазақстан Республикасы Меммүлкікомитетінің Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктер және акционерлік қоғамдар бас басқармасының бас маманы, Комиссия хатшысы.

2 . К о м и с с и я л а р :

- осы тіркелімді акциялардың мемлекеттік пакеті (мемлекеттік үлесі) бар шаруашылық серіктестіктерінің байқау кеңестері мүшелерінің және мүшелікке үміткерлерінің тіркелімін жасау мүмкіндігіне қарай бекітсін.

- нарық экономикасы жөніндегі "Арман" Халықаралық орталығымен бірлесіп байқау кеңестерінің мүшелігіне үміткерлерді оқытудың бағдарламасы мен кестесін қарасын;

- байқау кеңестеріне мүшелікке үміткерлерден сынақ алу арқылы оларды оқытуды ұйымдастырсын.

3 . Б е к і т і л с і н :

- Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерде байқау кеңестерін құру және олардың қызметін бақылау жөніндегі комиссия туралы Ереже;

- Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктердегі байқау кеңестерінің мүшелігіне үміткерлерден сынақ алу Тәртібі;

- мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктердегі байқау кеңестері

т у р а л ы

Е р е ж е ;

- мемлекет мүдделерін тиімді түрде білдіру мақсаттарында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкілетті өкілдері болып сөйлейтін, байқау кеңестері мүшелерінің міндеттері туралы Ереже.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Төрағаның орынбасары Е.С.Никитинскаяға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік мүлікті басқару
жөніндегі мемлекеттік комитетінің
1996 жылғы 23 шілдедегі N 512
қаулысымен бекітілген

МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСАТЫН ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕРДЕ БАЙҚАУ КЕҢЕСТЕРІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдарға мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдау бағдарламасы туралы" 1996 жылғы 27 ақпандағы N 246 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдарға мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шаруашылық серіктестіктерде акциялардың мемлекеттік пакеттерін және үлестерін басқаруды реттеу жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 16 мамырдағы N 607 Қаулысына с а й ә з і р л е н д і .

2. Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерде байқау кеңестерін құру және олардың қызметтерін бақылау жөніндегі комиссиялар (бұдан әрі - Комиссиялар) мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерде акциялардың мемлекеттік пакеттерін және үлестерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатымен құрылады.

2. КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ

1. Комиссия - алқалы орган және оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасы б а с қ а р а д ы .

2. Комиссия құрамына кіретіндер:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары - төраға орынбасары;

өкілдер: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен, Экономика министрлігінен, салалық министрліктерден, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясынан, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің қызмет деңгейі министрдің орынбасарынан төмен емес ө к і л і .

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Шаруашылық серіктестіктер және акционерлік қоғамдар бас басқармасының бас маманы - комиссия хатшысы;

2-бөлімнің 2-тармағында көрсетілген адамдар Комиссия жұмысына қатыса алмаған жағдайда, олар бұл міндетін өз өкілдеріне беруі мүмкін.

3. КОМИССИЯНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

К о м и с с и я :

1. Байқау кеңестері мүшелерінің және мүшелігіне үміткерлердің Тіркелімінен (бұдан әрі - тіркелім) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің (бұдан әрі - Комитеттің) өкілетті өкілдері болып сөйлейтін, мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктердің байқау кеңестерінің мүшелігіне үміткерлер ұсынады;

2. Комитеттің тапсырмасы бойынша мемлекет мүдделерін тиімді түрде білдіру мақсаттарында Комитеттің өкілетті өкілдері болып сөйлейтін, байқау кеңестері мүшелерінің жұмысын қарайды және оған баға береді;

3. Мемлекет мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін тиісті түрде атқармаған жағдайда байқау кеңестері мүшелерінің құрамын өзгерту жөніндегі ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і .

4. Байқау кеңестерінің мүшелігіне үміткерлерге қойылатын біліктілік т а л а п т а р д ы а й қ ы н д а й д ы .

5. Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктердегі байқау кеңестерінің мүшелігіне үміткерлерден сынақ алады (қосымша).

4. КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖӨНІ

1. Комиссия мәжілісін үстіміздегі жылдың әр тоқсанының соңғы айының 5-інде тұрақты негізінде Комиссия төрағасы ұйымдастырады.

2. Комиссия мәжілісін төраға, ол болмаған жағдайда - төрағаның орынбасары б а с қ а р а д ы .

3. Мәжілістерде комиссияның шешімі қатысушылар арасында кәдімгі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыс саны тең болған жағдайда мәжіліс төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4. Мәжілістен кейін хаттамалар жасалады. Оған Комиссия төрағасы (төраға орынбасары) және Комиссия хатшысы қол қояды.

5. Комиссияның жұмысын ұйымдық жағынан Комитеттің тиісті бөлімшелері қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК